

РУХАНИЯТ

▲ Салт-дәстүрден сыбаға

ҚАРА ҚАЗАННЫҢ ҚАСИЕТІ

◀ (Соңы. Басы 1-бетте).

Аталарымыз қазанды тіршіліктің қайнар көзі, үйдің берекесі деп санаған. Қандай қиын-қыстау күнде де, қара қазанын ескі жұртқа тастамаған. Оны алып жүру мүмкін болмағанда өзінің ырымын жасап көміп кетіп отырған. Ондағы мақсаты үйден қазан кетсе, “ырыс-несібебіз, құтымыз кетеді” деп санаған.

Бойжеткен тұрмысқа шыққанда, атанасы барлық дүние-мүлік берсе де, қара қазанды бермеген. Қызақ есіпқашан да қазанды сыйға тартпаған. Көрші-көлем той-сәдақа жасағанда қазанды уақытына пайдалануға болады, бірақ қазанды пайдаланбай болғасын оның түбіне дәм салып жібереді.

Қара қазан өте қасиетті дейтініміз, сәби тіз-көз тиіп ауырып қалғанда, қазанға құлағынан қара күйе алып ұшықтарғанда жазылып кететіні және таңдай тісі шыққанда да оны саусақты күйелеп басады.

Суга батып кеткен адамды қара қазанмен табады. Ол үшін кеткен тұсына оны тастайды. Қазан су бетінде ұзақ қалқип жүріп адам жатқан жерге келгенде өз-өзінен батып кетеді. Соңғы айдын астындағы мәйітін үстіне, не қасына түседі. Мұндайды көргенде танғамасына шара жоқ. Бұл ырымды теңізшілер өз омірлерінде әлі күнге дейін қолданатын көрінеді.



Жылына бір рет ас пісіріп, қалың бұқараға дәм таттыру дәстүрі қазақ халқтарының тұсында “шүлен тарату” деген атаумен тарихта қалған. “Шүлен” – мырзалықтың, бергендіктің баламасы. Қолы ашық, жүрегі кең адамды “өзі бір шүлен адам” екен дейді.

Ерекше жәдігерлері таптырмайтын құнды мұра болып табылатын сөзсіз.

– Қазанның қақпағын жауып қояды. Ішін газартып жұм болған соң суын сарку үшін төңкеруге болмайды. Соңғы кездері жиі байқаймын. Көп үйлерде тіпті жасы егде тартқан әйелі бар шаңырақта

да осылай ету үрдісі кең етек алуға. Бұл білместіктен жасалуы мүмкін. Бірақ қазанды төңкеру жаман ырымға балаңады. Тұтастай бір отбасы қайғы жамылғанда, жаугершілік уақытта шаңырақтың түгін түтететін жан қалмағанның белгісі ретінде қазанды төңкеріп кететін болған.

Осындай ырым-тыйымдармен қорғалып келген қасиетті қара қазанға жұртшылық көп мән бере бермейді. Сонау 90-шы жылдары ақша табу қиын болып, халық жаппай темір-терсек өткізіп, азық етін жүрді. Сондай күнде бір танысымыз үйіндегі ескі қазанын бөрібір қолданып жүрген жоқпыз деп өткізіп ақша қылу үшін сындырып отырғанының үстінен түсіп, денем түршіккен. Ақыры көп ұзамай әйелімен ажырасып, ұыздай ұйыған отбасы екіге бөлінді. Осының өзі аталардан келе жатқан ұлық үрдісті ұмытудың қасиеті деп ойлаймын”, – дейді ауыл тұрғыны.

Бүкіл ырым-тыйымдардың астарына мән берсек, бұрынғылар түсінуге келмейтін қауіптен сақтандырып кеткенін байқауға болады. Соңғы бірі – қайтыс болған адамның бейіті бұзылса, түске кіріп мазаласа, басына қазан апарып қойған. Марқұмның соңынан туыстары ауру-сырқаусыз, белгісіз себептермен көз жұмса, Құран оқытып, басына қазан төңкерте.

Айнұр ҚАЗМАҒАМБЕТОВА

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК БОЙЫНША АУДИТ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі негізінде «Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, «Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Түркістан облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінде қаржылық есептілік аудиті жүргізілуде.

Жүргізіліп жатқан аудиторлық іс-шаралардың мақсаты - мемлекеттік аудит объектісі қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің және қаржылық жай-күйінің анықталуы, негізділігінің бағалауы болып табылады.

М.ДЖУМАГУЛОВ,

Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің қаржылық есептілік аудиті бөлімінің басшысы

Спорт секцияларына мемлекеттік тапсырыс шеңберінде аударылған қаржылар бойынша БҒУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ

Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан Арыс қаласы азаматтары жазған арыздар негізінде «Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінде жоғарыдағы сәйкестік аудиті жүргізілді.

Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 27.04.2021 жылғы «Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту

туралы» №121 бұйрығының 5-тармағының және 8-тармағының талаптары сақталмай, Өнім берушінің мемлекеттік тапсырыстың орындауы туралы тапсырған электрондық есептері негізінде бюджет қаражаты төленгендігі анықталды.

А.АЙМЕНОВ,

Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің қаржылық есептілік аудиті бөлімінің бас маман-мемлекеттік аудиторы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазанат СИТИ» ЖШС «Астана қаласы, Алматы ауданы, А. Байтұрсынұв және А-62 көшелерінің қиылысы мекенжайында орналасқан 180 орындық балабақша және 100 кездеші арналған емхана құрылысы» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz> танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz>, 26 желтоқсаннан 30 желтоқсанға (қоса алғанда) дейінгі аралығында қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Рақымжан Қошқарбаев даңғылы, 26 үй және +7 702 801 17 17 телефондары бойынша алуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«НурАлтынОрда» ЖШС «Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Тұран даңғылы мен Г.Тоқай көшелерінің қиылысы аумағында орналасқан жапсарлас салынған үй-жайлары және Оқушылар сарайы бар көп пәтерлі тұрғын үй кешені» 2-ші құрылыс кезеңі (сыртқы инженерлік желілерсіз және металдық құжаттарсыз) жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

«НурАлтынОрда» ЖШС-ның мекен-жайы: Астана қ., Ұлы дала даңғылы, 3/3, г. 4, байланыс телефоны: +7 705 2561083, e-mail: grandprojectoom@list.ru

ЖК «Сунібеков ЖК» мекен-жайы: Астана қ., Жұмабаев к-сі, 5/1, байланыс телефоны: +7(702)230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz>

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz>, 26 желтоқсан мен 19 қаңтар аралығында қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қ., Ұлы дала даңғылы, 3/3, г. 4, және +7 771 501 26 74 телефондары бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Қазанат СИТИ» сообщиет о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Строительство детского сада на 180 мест и поликлиники на 100 посещений», по адресу: г.Астана, район «Алматы», пересечение улиц А.Байтұрсынұва и А-62».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок с 26 декабря – по 30 декабря (включительно) на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>, Дополнительную информацию можно получить по адресу г.Астана, проспект Рахымжан Кошқарбаева дом 26, и по телефону + 7 702 801 17 17.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «НурАлтынОрда» сообщиет о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и Дворцом школьников» расположенный по адресу: г. Нур-Сұлтан, р-н «Есіл», район пересечения проспекта Тұран и улицы Г. Тоқай. 2-ая очередь строительства (Без наружных инженерных сетей и сметной документации).

Адрес ТОО «НурАлтынОрда»: г. Астана, проспект Ұлы Дала, 3/3, и.п. 4, телефон: +7 705 2561083, e-mail: grandprojectoom@list.ru

Адрес ИП «Сунібеков ЖК»: г. Астана, пр.Жұмабаева 5/1, телефон: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок с 26 декабря по 19 января на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>.

Дополнительную информацию можно получить по адресу г. Астана, проспект Ұлы Дала, 3/3, и.п. 4, и по телефону + 7 771 501 26 74.